




Kaspi Bank
арқылы жазылу



ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА ЕЛШІЛЕРДІ ТАҒАЙЫНДАДЫ

Мемлекет басшысының жарлықтарымен Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Әлібек Әсетұлы Бақаев Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды, Амангелді Ғазезұлы Саинов Қазақстан Республикасының Румыниядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының жарлықтарымен Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Ерлік Шәкірұлы Әлі Қазақстан Республикасының Румыниядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды.

ORTCOM.KZ.

ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІ
ӨРТАРАПТАНДЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ
ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН.
СОНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІНІҢ БІРІ –
АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА АРНАЙЫ ХИМИЯЛЫҚ
ӨНІМДЕР ШЫҒАРАТЫН ЗАМАНАУИ ӨНДІРІС
ОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУЫ. БҮГІНДЕ МҰНАЙ-ГАЗ
САЛАСЫНА ҚАЗЕТТІ ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕРДІ
ОТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДА ӨНДІРУ АРҚЫЛЫ
ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ АЗАЙТУҒА ЖӘНЕ ЕЛДІҢ
ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА БАСЫМДЫҚ
БЕРІЛІП ОТЫР.**

Ақтау қаласында орналасқан «Basechem» зауыты – осы бағытта табысты жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорындардың бірі. Мұнда мұнай-газ өнеркәсібіне арналған су дайындау және ағынды суларды тазарту, өндірістік жабдықтарды химиялық тазалау, металл беттерін өңдеу сияқты маңызды өндірістік үдерістерде қолданылатын арнайы химиялық өнімдер шығарылады. Компания өз қызметін ғылыми зерттеуден бастаған. 2018 жылы Алматы қаласында заманауи ғылыми-зерттеу зертханасы ашылып, онда отандық өндірісте қолданылатын жаңа химиялық реагенттер әзірлене бастады. Кейін өндірісті кеңейту мақсатында 2021 жылы Ақтау қаласында өндірістік кешеннің құрылысы қолға алынды. Ал 2024 жылы кәсіпорын толық қуатында жұмысын бастап, арнайы химиялық өнімдерді өнеркәсіптік көлемде шығара бастады. «Basechem» компаниясының өкілі Әсел Рахманованың айтуынша, кәсіпорынның басты мақсаты – Қазақстанда арнайы химиялық реагенттер өндірісін жергіліктендіріп, отандық технологияларды дамыту және өнеркәсіптің импорттық өнімдерге тәуелділігін азайту.

– Бүгінде кәсіпорын «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында орналасқан заманауи өндірістік кешенде жұмыс істейді. Зауыттың жылдық өндірістік қуаты 20 мың тоннадан асады. Заманауи технологиялық жабдықтардың арқасында әртүрлі арнайы химиялық өнімдерді бір мезгілде өндіруге мүмкіндік бар. Біз мұнай кәсіпшіліктеріне арналған реагенттерді, дезмульгаторларды, коррозия мен тұз түзілу ингибиторларын, биоцидтерді, оттегі мен күкіртсутекті сіңіргіштерді, сондай-ақ су дайындау, ағынды суларды тазарту, металл беттерін өңдеу және шанды басуға арналған химиялық өнімдерді шығарамыз, – дейді Әсел Рахманова.

Кәсіпорын шығаратын өнімдер еліміздің мұнай-газ, энергетика және өндіріс салаларындағы кәсіпорындар арасында сұранысқа ие. Өнім тек Қазақстанның ішкі нарығына ғана емес, ТМД елдеріне де экспортталады. Бұл өз кезегінде отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Зауыттың Ақтау теңіз портының арнайы экономикалық аймағында орналасуы оның логистикалық мүмкіндігін де айтарлықтай арттырып отыр. Кәсіпорын халықаралық көлік дәліздеріне тікелей шығып, Орталық Азия, Кавказ, Ресей, Қытай және Еуропа елдеріне өнім жеткізуге қолайлы жағдайға ие. Бұл экспорт көлемін ұлғайтып қана қоймай, өнімнің өндірістік және инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖАҢАРҒАН ШЕТПЕ ВОКЗАЛЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

**МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНДАҒЫ «ШЕТПЕ»
ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ ИЕ
БОЛДЫ. КЕШЕ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРҒЫ ШҮН
МАҢЫЗДЫ НЫСАННЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІ
ӨТІП, ОҒАН МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ҚАТЫСТЫ.**

Жаңа нысан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде жүзеге асырылып жатқан темір жол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы аясында салынды. Соңғы жылдары республика бойынша темір жол инфрақұрылымын заман талабына сай жаңарту жұмыстары қарқын алып келеді. Соның нәтижесінде бүгін Шетпе тұрғындары мен аудан арқылы қатынайтын жолаушылар жаңа әрі жайлы вокзалдың игілігін көріп отыр.

Салтанатты іс-шарада сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай жаңа вокзалдың өңір үшін маңызын ерекше атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірінде темір жол вокзалдары жаңартылып жатыр. Бұл – халыққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған үлкен бақтама. Шетпедегі жаңа вокзал ауданның ғана емес, бүкіл өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға серпін береді. Көп жылдар бойы жолаушыларға қызмет еткен вокзал бүгінде заман талабына сай толық жаңғыртылып, қауіпсіздік пен жайлылықтың жаңа деңгейіне көтерілді. Темір жол – ел экономикасының құрамына болса, вокзал – өңірдің айнасы. Сондықтан бұл нысан алдағы жылдары халыққа сапалы қызмет көрсететініне сенімдімін, – деді аймақ басшысы.



Жаңа жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде вокзалдың көлемі бұрынғыдан бес еседен астам ұлғайды. Егер ескі ғимараттың аумағы 201 шаршы метр болса, жаңа вокзалдың



жалпы ауданы 1103 шаршы метрге жетті. Сонымен бірге жолаушыларға қызмет көрсету мүмкіндігі де екі есе артты. Енді тәулігіне 200 адамға дейін қабылдай алады.

Жаңа вокзалда жолаушылардың жайлылығы басты назарға алынған. Ғимарат ішінде кең күту залы, билет кассалары, санитарлық бөлмелер және қызмет көрсету орындары қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кедергісіз жүріп-тұруына барлық жағдай жасалып, арнайы тактильді жолақтар орнатылған.

Вокзал аумағы да толық абаттандырылды. Ұзындығы 2 100 шаршы метр болатын жаңа жолаушылар перроны салынды, берік жабын төселіп, заманауи жарықтандыру және бағыттаушы белгілер қойылды. Жаңғырту барысында инженерлік желілер де толық ауыстырылып, нысанның техникалық мүмкіндігі едәуір жақсарды. Құрылыс жұмыстарын «Zangar SG» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді.

«Шетпе» вокзалын жаңарту – еліміздегі ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың бір бөлігі. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша 125 темір жол вокзалы қайта жаңғыртылып жатыр. Маңғыстау облысында бұл жұмыстар «Шетпе» вокзалымен ғана шектелмейді. Алдағы уақытта «Маңғыстау» және «Бейнеу» темір жол вокзалдарын жаңғырту жұмыстары да аяқталып, тұрғындар игілігіне беріледі.

Темір жол – жолаушылар мен жүк тасымалының маңызды саласы. Сондықтан вокзалдардың жаңаруы халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттырып қана қоймай, өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін күшейтуге, туризмнің дамуына және елді мекендердің өзара байланысын нығайтуға оң ықпал етеді.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

АНА МӘРТЕБЕСІНЕ – АЙРЫҚША ҚҰРМЕТ

**АҚТАУДА 52 КӨПБАЛАЛЫ
АНА МЕМЛЕКЕТТІК
НАГРАДАҒА ИЕ БОЛДЫ.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН САЛ-
ТАНАТТЫ ІС-ШАРАДА ҰРПАҚ
ТӨРБИЕСІНЕ ӨЛШЕУСІЗ
ҮЛЕС ҚОСЫП, ӨНЕГЕЛІ
ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ
БОЛЫП ЖҮРГЕН АНАЛАРҒА
«АЛТЫН АЛҚА» ЖӘНЕ «КҮМІС
АЛҚА» ТӨСБЕЛГІЛЕРІ
ТАБЫСТАЛДЫ.**



Отбасы – қоғамның алтын дінгеі болса, сол шаңырақтың берекесін кіргізіп, ұлттың ертеңі тәрбиелеп отырған ананың орны әрдайым ерекше. Мемлекет тарапынан көпбалалы аналарды қолдау мен олардың еңбегін бағалау – отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Осы игі дәстүр аясында өткен марапаттау рәсімінде 12 ана «Алтын алқа», 40 ана «Күміс алқа» төсбелгісіне ие болды.

Салтанатты жиында Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Бекнұр Балиұлы марапат иелерін қала әкімі атынан құттықтап, ана еңбегінің қоғам үшін маңызы ерекше екенін атап өтті.

– Барша марапат иелерін осы қуанышты күнмен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға

амандық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілеймін. Сіздер тәрбиелеп отырған ұрпақ – еліміздің болашағы. Анаға көрсетілген құрмет – елдің ертеңіне көрсетілген құрмет, – деді ол.

Марапаттау рәсімі барысында аналардың ерен еңбегі мен отбасы құндылықтарын сақтаудағы рөлі ерекше аталып өтті. Бүгінде көпбалалы аналар тек өз шаңырағының ғана емес, қоғамның да берекесін арттыруға үлес қосып келеді. Олар ұлттың рухани құндылықтарын, салт-дәстүрін, ізгілік пен адамгершілік қағидаларын жас ұрпақтың бойына сіңіріп, елдің кемел келесінін қалыптастыруда маңызды миссия атқаруда. Өз кезегінде мемлекеттік награда иегерлері көрсетілген құрмет үшін Мемлекет басшысына және жергілікті атқарушы билік өкілдеріне алғыстарын

білдірді. Олардың айтуынша, мұндай марапат – ананың еңбегі мен төккен маңдай теріне берілген жоғары баға әрі үлкен жауапкершілік.

Көпбалалы отбасыларды қолдау – еліміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Мемлекет аналарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың қоғамдағы мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Осындай игі бастамалар отбасы құндылықтарын дәрiптeтпe, анаға деген құрметтің арта түсуіне ықпал етеді.

Ақтауда өткен бұл салтанатты іс-шара да ананың қоғамдағы айрықша орнын тағы бір мәрте айқындап, елдің ең қастерлі құндылығы – отбасы мен ана мәртебесінің әрдайым биік екенін көрсетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ